

**«Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мектепшілік өзін-өзі бағалау есебі**

1- Бөлім Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.

1. Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (занды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы)

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Қарауылкелді ауылдық округі, Көкбұлақ ауылы, Сартөбе көшесі, 27
ғимараты. пошта индексі 030300

2. Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта)

- Телефон 8713454479

- Электрондық пошта – kom_1934@mail.kz,

- Әлеуметтік желідегі парақшалары: https://instagram.com/cjm/kokbulak_orta_mektebi

**3. Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә
лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)**

- Мектеп директоры м.у.а: – Бекбаев Ануар Султансиыкович, ұялы
телефоны 87758396726

- Лауазымға тағайындау туралы, Байғанин ауданының білім бөлімі
2023 жылғы 31 мамыр № 51 бұйрығы

4. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

БСН 15104001921 2015 жылғы 22 қазан

Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

БСН 15104002363 2021 жылғы 13 қаңтар

Лицензия KZ 77LAA00021028

Жарғы 2021 жылғы 13 қаңтар тіркеу номері №68-1904-05

Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

2019 жылы 15 қараша №10632DD

Мектептің алқалы басқару органы – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС.

Мектептегі басқару педагогикалық ұжымының қызметін дамыту және ағымдағы жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның барлық бағыттар бойынша оқу – тәрбие процесінің қызметі егжей – тегжейлі талданады, қойылған міндеттердің орындалуына талдау жасалады және келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер айқындалады. Талдамалық жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, инновация мен үнемі даму режимінде жұмыс істейтін мектептің миссиясы мен жалпы қызметінің ерекшелігін көрсетеді, сондай ақ оқушылар мен педагогикалық құрамның жеке көрсеткіштерін ескереді.

2025 жылға дейін мектептің даму жоспары әзірленді (2023-2025) және оның барлық бағыттар бойынша орындалу мерзімі педагогикалық кеңестерде қаралады. Мектептің табысты жұмысының көрсеткіштері мониторингте көрсетіледі, соған сәйкес оқу жылының жалпы мектеп жоспарына мақсатқа жетпеген критерийлер бойынша түзетулер енгізіледі.

Мектепте барлық қызмет бағыттарын қамтитын оқу – тәрбие жұмысының жалпы жоспары әзірленеді. Мектептің жылдық жұмыс жоспары алдыңғы оқу жылындағы мектептің жұмыс нәтижелерін таңдауды және барлық бөлімдер бойынша жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қамтиды. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жұмыс қорытындылары педагогикалық кеңестерде, директордың қатысуымен өтетін жиналыстарды, әдістемелік кеңестерде әдістемелік бірлестіктерде тыңдалады.

Әдістемелік тақырыбы: Инновациялық технологияны жүйелі қолдану – білім сапасын арттырудың тиімді жолы.

Мақсаты: Сапалы білім беру арқылы бәсекеге қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын, өзінің іс – әрекетіне жауапкершілік сезімі қалыптасқан, елінің патриоты болатын тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Директорың орынбасарларына : Мұғалімдерге оқу платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға арналған курстар өткізуді жалғастыру. Жас мамандарға жан-жақты әдістемелік қолдау көрсету жұмысын күшейту.

Тәжірибе алмасу жұмысын жандандыру.

Білім лушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша жұмысты бақылау.

Қалалық, Республикалық түрлі байқлаулар мен сайыстарға мұғалімдердің қатысуын ұйымдастыру.

Инновациялық жобалардың жүйелі жүргізілуін қадағалау, қолдау көрсету «Жазғы мектеп» жұмысын келесі жаз айында жалғастыру

Директордың шаруашылық меңгерушісіне:

- Мектептің матриалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын жалғастыру.
- Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру.
- Санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау.

Сынып жетекшілерге:

- Мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы байланыс жұмысын күшейту, оқушыларға қолдау көрсету жұмысын жандандыру.
- Жас Ұлан ұйымымен бірге адалдық алаңы жұмысын жандандыру
- Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуді жандандыру

Барлық пән мұғалімдеріне

- Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша жұмыс жоспарын құру, жеке қолдау көрсету, қажеттіліктерін зерделеу.
- Оқу платформаларының мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.
- Іс – әрекетті зерттеу бойынша жүйелі дұрыс жүргізу, тәжірибе алмасу жұмысын күшейту.
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыруды жандандыру.

Мектеп психологтарына

- Оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық қолдау жұмысын күшейту.

Кітапхана меңгерушісіне

- 1-11 сынып оқушыларын оқулықпен толық қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды жалғастыру

Мектептің басым бағыттары

- Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру
- Оқу мен тәрбие беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын белсенді қолдану.
- Интеллектуалды сайыстар мен олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің санын арттыру.
- Іс –әрекетті зерттеу жүргізетін педагогтер санының артуы
- Білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогтердің бірлескен жұмысын арттыру
- Ұлттық құндылық арқылы оқушыларды тәрбиелеу, өмірде табысты әлеуметтені үшін жағдай жасау

2-бөлім. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ.

2.1 Білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарын сақтау:

Мектептегі біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына ҚР Оқу –ағарту министрінің 14.04.2023 №100 бұйрығына енгізілген өзгерістермен сәйкес сақталады.

Педагогтердің оқу –әдістемелік қызметін диагностикалау бойынша табысты жұмыс жүргізу үшін педагогикалық ұжымның дамуына үздіксіз мониторинг жүргізіледі.

Мектептің кадрлық әлеуеті тұтастай алғанда тұрақты болып, кәсіби біліктіліктілігі мен өз еңбегінің нәтижелеріне деген жауапкершілігі жоғары деңгейде.

2023-2024 оқу жылында

- Педагогикалық қызметкерлердің жалпы саны -25
- Оның басшы қызметкерлер -3
- қосалқы педагогтер – 3

Мектеп әкімшілігінің сапалық құрамы

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Бекбаев Ануар Султаныыкович	Директордың міндетін уақытша атқарушы	Жоғары Қ.Жұбанов ат АМУ, 2010	14	Педагог-зерттеуші 2023ж
2	Есенгулова Баян Сериковна	Оқу ісі жөніндегі	Жоғары, Ақтөбе	30	Педагог-зерттеуші

		орынбасар	педагогикалық институты, 1993		2023ж
3	Нұржау Базаргүл Едігеқызы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасардың міндетін уақытша атқарушы	Жоғары, Қ.Жұбанов ат АМУ, 2022	11	санатсыз

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагогы

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Нысанов Манарбек Даулетович	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жетекшісі	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе пединституты, 2021	32	Педагог-сарапшы 2021ж

Әлеуметтік педагог

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Сағынғали Аяжан	Әлеуметтік педагог	Жоғары,	1	педагог

Педагог психологтар

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Акылбекова Жания Кузембаевна	психолог	Ақтөбе педагогикалық институты, 2007	13	Педагог-модератор, 2022ж

Педагогикалық ұжымның сандық құрамы

Лауазымы	2023-2024
Педагогтар саны	25
Кітапханашы	1
Әлеуметтік педагог	1
Педагог психолог	1
Бала күтіміне байланысты декреттік демалыста отырған педагогтер	3

Мұғалімдердің білімі бойынша деректер:

2023-2024 оқу жылында 25 педагогтің 20 мұғалімнің жоғары білімі бар 92% , педагог магистр дәрежесін алған мұғалім жо-1, 5 мұғалімнің арнайы – орта білімі бар 7,3 %.

Қорытынды :

Педагогтерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (егер вакантты сағат 0,5 мөлшерлемеден асатын болса) онда осы мұғалімдердің дайындық деңгейі жоғары, оқытудың белсенді нысандарын, АКТ меңгерген, негізгі жұмыс орны бойынша курстардан уақытылы өтеді дегенді білдіреді. Мектеп әкімшілігі мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес осы пәндердің жүргізілуін бақылайды және Білім класс электронды журналының толтырылуын қадағалайды. Тағы да міндеттердің қатарында – мектептің тұрақтылығы мен сапалық көрсеткіштерінің өсуіне қол жеткізуде қолда бар кадрлық ресурстарды одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету кіреді.

2.2 Педагогтерді аттестаттау жұмысы

Мақсаты: педагогтердің аттестаттаудан өтуіне қолдау көрсету. Мектепте аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілді, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіледі, аттестаттаудың даму жоспары бекітілген. Жаңа форматтағы аттестаттаудан мектептің 69% өтті.

Мемлекеттік білім беру ұжымының басшыларының аттестаттаудан өтуі туралы мәлімет (үш жылда бір рет)

Мектеп әкімшілігі әр үш жылда аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды: мектептің кадрлық әлеуеті айтарлықтай жоғары, аттестаттаудан өтудің даму жоспарына сәйкес өтеді, үнемі әкімшілік және МО жетекшілерінің бақылауында болады, біліктілік санатын беру туралы куәліктерді есепке алу кітабы бар.

2.3 Педагогтердің білімін жетілдіру курстарына қатысу жұмысы

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай –ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына ҚР Оқу ағарту министрінің 03.10.2022 №415 бұйрығымен өзгеріс енгізілген ереже негізінде жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 6 педагог біліктілік курстан өтті. Психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, МАД тәрбиешісі, тәрбие ісінің орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі.

Қорытынды: Мұғалімдер біліктілікті арттыру курстарын даму жоспары мен кестеге сәйкес 3 жылда 1 рет оқиды, әсіресе пәндік саладағы құзыреттілікті дамыту, инклюзия және IT бойынша пәндік курстарға ерекше назар аударылады.

2.4. Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуы

Жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық конкурстар мен жарыстардың, аудандық, қалалық кезеңдерінің, қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаға педагогтер туралы мәлімет.

Кәсіби конкурстар мен олимпиадаларға қатысқан мұғалімдердің тізімі 2023-2024 оқу жылы

№	Іс –шараның атауы	Мұғалімнің аты –жөні	қорытынды
1	«Үздік сабақ» облыстық	Кисықбасова Дарига Азановна	Алғыс хат
2	«Үздік эссе» облыстық байқауы	Есенгулова Баян Сериковна	2- орын
3	«Үздік жас мұғалім» аудандық байқауы	Әнуар Назым	3-орын
4	Облыстық пәндік олимпиада	Кисықбасова Дарига Азановна	1-орын
5	Облыстық пәндік олимпиада	Әбдіғалиева Гүлназ Умбетқызы	3-орын
6	Облыстық пәндік олимпиада	Құрақова Жазира Сембаевна	3-орын
7	Облыстық пәндік олимпиада	Құлымова Саягүл	2-орын
8	Облыстық пәндік олимпиада	Бактыбаева Қаламқас Тыныштыковна	Алғыс хат
9	Облыстық пәндік олимпиада	Есхожина Гүлімжан	2-орын
10	Облыстық пәндік олимпиада	Муханбетказина Нургул Сабитовна	2-орын
11	Облыстық пәндік олимпиада	Калиев Багдат Абилкадирович	1-орын
12	Облыстық пәндік олимпиада	Хасенова Жұлдыз Еркінқызы	3-орын

Қорытынды: Педагогтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы негізіндегі Республикалық кәсіби шеберлік конкурстары мен олимпиадаларға жыл сайын қатысады.

2023-2024 оқу жылына аудандық, облыстық семинарлар шебер-сынып өткізіп, іс –тәжірибесімен бөліскен педагогтер :

1. Кисықбасова Дарига Азановна – музыка пәні мұғалімі
2. Муханбетказина Нургул Сабитовна – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
3. Бактыбаева Қаламқас Тыныштыковна – информатика пәнінің мұғалімі
4. Калиев Багдат Абилкадирович – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Оқу жылында іс әрекетті зерттеу сабақтары жүргізілді. 3 сынып, 7 сыныптарына жыл бойы зерттеу сабақтары жүргізілді.

Дарынды балалармен жұмыс

Аудандық білім бөлімі аясында өткен жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиададан Көкбұлақ орта мектебі бойынша жүлдегерлер тізімі

№	Оқушының аты -жөні	Қатысқан конкурс атауы	Пәні, бағыты	Класс	Аудандық	Облыстық	Жетекшісі
1	Сағынбаев Алғабек	«Ақберен байқауы»	Ақындар мұшайрасы	11	II		Есенгулова Б
		Республикалық лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен		11	II орын		Есенгулова Б
		Республикалық пәндік олимпиадасы	география пәнінен	11	I орын		Муханбедярова Ж.Е.
		Республикалық пәндік олимпиадасы	география пәнінен	11		I орын	Муханбедярова Ж.Е.
2	Алпамыс Ұлжан	5-6 сынып оқушылары арасында «Достық-2024» кешенді пәндік олимпиада	қазақ тілі мен әдебиеті	5	I орын	Мақтау қағаз	Есенгулова Б
		«Алтын сақа» математикалық олимпиада	математика	5	III орын		Сарноғәев Б.С.
		5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада	математика	5	II орын	Мақтау қағаз	
		5-6 сынып оқушылары арасында «Достық-2024» кешенді пәндік олимпиада	тарих	5	I орын	Мақтау қағаз	Нұржау Б.
		5-6 сынып оқушылары арасында «Достық-2024» кешенді пәндік олимпиада	ағылшын	5	I орын	Мақтау қағаз	Саматова А.С
3	Есенжолова Шұғыла	Республикалық пәндік олимпиада	қазақ тілі мен әдебиеті	10	III орын		Есенгулова Б
4	Досжан Фатима.	7-8-класстарға арналған пәндік олимпиада	биология	7	III орын		Бекбаев А.
5	Есенжолова	5-6 сыныптарға	Қазақ тілі	5	II		Есенгулова Б

	Гүлсая	арналған Республикалық олимпиада	мен әдебиеті		орын		
		5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиадасы	тарих	5	II орын		Нұржау Б.
		«Алтын сақа» математикалық олимпиада	математика	5	III орын		Сарноғәев Б.С.
		5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада	ағылшын	5	II орын		Саматова А.
6	Алпамыс Жанайым.	Республикалық пәндік олимпиада	орыс тілі мен әдебиеті	10	III орын		Муханбетқазин а Н.С.
7	Әбдіғалиева Зере.	5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада	орыс тілі мен әдебиеті пәнінен	7	II орын		Муханбетқазин а Н.С.
8	Алпамыс Айназ	Ғ.Сұлтанов атындағы математикалық олимпиада	математика	7	II орын		Сарноғәев Б.С.
		7-8-сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиада	химия	7	II орын		
9	Тыныштық Нұрхан.	«Бояулар құпиясы!» жас суретшілердің республикалық байқауы			Алғы с хат,		. Хасенова Ж.Е.

2-БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.

3.1 Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында 46 оқушы болды. Оның ішінде бастауыш білімде деңгейінде -21 оқушы, негізгі білім беру деңгейінде-15, жалпы орта білім беру деңгейінде -10 оқушы білім алды. Үйден оқумен қамтылғаны оқушы жоқ. Көкбұлақ орта мектебі шағын жинақталған мекутептер қатарына жататын болғандықтан, бала санының аздығына байланысты бастауыш сыныпта 3-4-сыныптар, орта буында 5-6,7-8-сыныптар біріккендіктен сыныптардың саны 8. Мектеп алды даярлық сыныбында -3 тәрбиеленуші, Шағын орталықта 13 тәрбиеленуші болды.

3.2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2023-2024 оқу жылында 2-11 сыныптарда сынып толымдылығы 24 балаға жетпеуіне байланысты информатика, ағылшын тілі, көркем еңбек пәндері екі топқа бөлініп оқытылмады.

3.3. Білім алушылар контингентінің қозғалысы.

Оқушыларды мектепке қабылдау бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы негізінде іске асырылды.

Мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10-11 сыныптарға қабылдады.

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі

Сабақ кестесі 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Сыныптардың сабақ кестесін жасауда білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары, ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сыныптың кіші топтарға бөлінуі, оқу кабинеттерінің саны, олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

Сабақтардың ұзақтығы – 45 минут, Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан, қазан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес 45 минуттан өткізіледі.

Жалпы 2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып бойынша 3 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы. 5-9 сыныптар – 3 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы. 10-11 сыныптар -2 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы.

4- БӨЛІМ. ОҚУ –ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС.

4.1 Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі:

Көкбұлақ орта мектебі 2023-2024 оқу жұмыс жоспары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалды.

Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу –тәрбие процесін нормативтік –құқықтық база негізінде регламенттейді.

МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Тәрбие жұмысы

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірі мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық,

медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылған жобалар:

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

«Ұлттық мектеп лигасы»

«Оқуға құштар мектеп»

«Балалар және театр»

«Ұшқыр-ой алаңы»

«Жеткіншектің жеті жарғысы»

«Ғаламтор қауіпсіздігі»

«Төрт тоқсан-төрт өнер»

«9 ай- 9 іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

“Еңбегі адал жас өрен” жобасы

1 –қыркүйек – Білім күні

«Мектебім–мейірім мекенім» атты “Білім күні” мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті. Іс-шараға мектеп оқушылары, ұстаздар мен ата-аналар қатысты.

2023 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйегі арылығында жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Акция аясында «Қазақ Ойл Ақтөбе ЖШС» демеушілігімен 6 оқушы толықтай оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Еңбек күнін атап өту іс-шаралар жоспарына сәйкес 26 қыркүйек күні «Еңбек адамы» жұмысшы кәсіптерінің адамдарының еңбегін бағалау мақсатында мектепбіздегі жұмысшы топқа әлеуметтік желі арқылы алғыс білдірілді.

25 қыркүйек күні оқушылардың еңбек туралы түсініктерін молайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Еңбек бәрін де жеңбек» тақырыбында шығарма жаздырылды.

26 қыркүйек күні «Бақыт кілті – еңбек» тақырыбында мектебіміздің ұлағатты ұстазы Сары Жетібай ағаймен кездесу ұйымдастырылып, ағайдың өнегелі өмір жолдарымен таныстырылды. Бастауыш сыныптар арасында «Еңбек пен өнер егіз» тақырыбында сайыс өткізілді.

24 қыркүйек «Менің жетістігім – менің нәтижем» атты тақырыпта сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың өзін өзі анықтай алуына, алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу.

«Еңбек күнін» атап өті іс-шаралар жоспарына сәйкес 3-4-сынып оқушылар аралығында «Еңбек пен өнер егіз» тақырыбында сайыс өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды еңбек етуге баулу, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

12 қыркүйек «Қызым үйде – қылығы түзде» мектеп қыз оқушыларының гинеколог дәрігерімен кездесуі өткізілді.

Мақсаты: қыз балалардың гигиеналық тазалықтары туралы түсінік беру. Өткізден. Мектеп медбикесі Спан С.

19 қыркүйек «Қайырымды істер марафоны» акциясының аясында өткізілген шаралар:

19 қыркүйек акцияның ашылу салтанаты өтті.

Мақсаты: оқушылардың бойында қайырымдылық, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін дамыту және қоғамға риясыз қызмет етуді қалыптастыру. Оларға педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

19 қыркүйек «Армандар картасы» атты оқушыларға психологиялық сауалнама жүргізілді.

20 қыркүйек «Мейірімділік жүректен» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Мақсаты: өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, оқушыларды еңбекке баулу.

24 қыркүйекте мектеп оқушылары арасында «Қайырымдылық жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарын саудаға шығарды.

Ұстаздар күніне мерекесіне орай атқарылған шаралар:

5 қазан – мектебімізде дублер күні атап өтілді. 9-11-сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Осы ажауапты іс-шараға балалар көп дайындалды. Олар мұғалімдердің басшылығымен әр сабақтың жоспарын жазды. Таңертеңнен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады. Оқушылар осы күнді қызықты да, мазмұнды етіп өткізуге тырысты. Дублер күні – бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күні, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алды. Күн қорытындысы бойынша дублер оқушылар өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қиын емес қызықты екен деген қорытындыға

келді.

Оқушыларға кәсіптік білім беру, мамандық таңдауға кеңес беру бағыты бойынша Байғанин техникалық колледжінің мамандары 9-11-класс оқушылары және ата-аналарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушыларды 2024-2025 оқу жылында ашылатын жаңа мамандықтармен таныстырып, колледжге оқуға шақырды.

«Әрқайсымызы біргеміз» атты достық көмек қолын ұсыну шарасы «досболайық» акциясы аясында өткізілді.

Наурыз “Алғыс айту парызым” тақырыбында шаралар өткізілді.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай өзін өзі басқару ұйымы «Алтын жүрек» атты челлендж ұйымдастырды. Мақсаты оқушылардың бойынша сыйластық құндылығын арттыру. Осы шара аясында мектеп оқушылары мен түлектері өз Отанына, ұстаздарына, ата-ана, достарына тілектерін онлайн режимінде білдірді.

Мақсаты: Оқушыларға сыйластық, ризашылық, алғыс туралы түсіністік беру. Оқушыларды ата-аналарын, ұстаздарын құрметтеуге және әділеттілікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

13 мамыр «Құстарға ұя жаса» акциясы аясында мектеп оқушылары арасында сынып жетекшілері мен оқушылар, олардың әкелері бірлесе отырып құстарға ұя жасап, мектеп ауласындағы талдарға іліп, құстарға мейірімділік танытты.

Мақсаты: Экологиялық білім мен тәрбиені насихаттау, құтсарға қамқорлық жасау, табиғатты аялай білу, құтсарға көмек беруге баулу

Ұлттық мектеп лигасы

19 қараша күні «Алтын сақа» республикалық челленджі аясында «Асық ату» ойыны өткізілді. Бұл шараға оқушылар мен қатар ұстаздар да қатысты.

Мақсаты: ұлтымыздың ұмытылып бара жатырған ұлттық ойынын жаңғырту, балаларды отансүйгіштікке, патриоттыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Бабаларымыздан қалған асыл мұра» тақырыбында ұлттық ойындардан жарыс өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды ұлттық ойындармен таныстыру, олардың маңызын түсіндіру.

26 ақпан күні Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепішілік үстел теннисінен жарыс өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды отасүйгіштікке, патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көкбұлақ орта мектебінде «ДосболLIKE-достық қолын ұсын» акциясы аясында мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында волейбоодан жарыс өткізілді.

Мақсаты: оқушылар арасында достық пен татулық сезімдерін қалыптастыру, ауызбіршілікке, татаулыққа тәрбиелеу.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ұлттық ғылыми-*практикалық дене тәрбиесі орталығының 17.04.2024 жылғы 01-06/0072 санды хатына сәйкес 19 сәуір күні «Олимпиада жеңімпаздары – ұлт мақтанышы» тақырыбында Олимпиада жеңімпаздарына арналған ашық сабақ өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мектеп оқушыларының қысқы демалыс кезінде жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасын әзірледі.

Осы жоба аясында 22 қыркүйек күні «Бізді ақылды ететіп кітап – дана» тақырыбында кітап оқырмандар күні өткізілді. Мектеп кітапханашысы оқушыларды кітапханадағы құнды шығармалармен жас оқырмандар үшін қызықты ертегілермен, түрлі түсті кітаптармен таныстырып, олардың қызығушылықтарын арттырды.

Мақсаты: оқушыларды кітапты сүйуге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды рөлін түсіндіріп, олардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру.

«Қыста кітап оқимыз» акциясы аясында балалардың қысқы демалысын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушылары мектеп кітапханасына келіп, кітаптар оқып демалысты тиімді өткізуде.

Мақсаты: Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.

III оқу тоқсаны бойынша оқушылардың қысқы каникул мезгіліндегі бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз» атты кітап оқырмандар күні ұйымдастырылды. Қазақтың біртуар талантты ұлы Саттар Ерубаеттың өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби кеш ұйымдастырылды.

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп кітапханасында «Тәуелділік елімнің еркін жолы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ақтөбе облысының білім басқармасының тапсырмасына сәйкес «Мамыр – ынтымақ айы» айлығы аясында ҚР Оқу ағарту министрлігі кітпқұмарларды

тарту мақсатында «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккросинг челленджіне мектеп оқушылары қатысты.

«Балалар және театр» жобасы

Желтоқсан айында “Мемлекеттік рәміздер-ел мақтанышы” атты 2-4 сынып оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Яғни, 2,3,4 сынып оқушылар патриоттық өлеңдер, құттықтау сөздер айтып видео жолдады. Видеода оқушылар өз елін мақтан қылып, қазақ еліне деген патриоттық өлеңдер айтты. Шараға сынып жетекшілері де ат салысты.

Наурыз айында “Балалар және театр” үйірмесінің жоспарына сәйкес “Мен сүйетін кейіпкер” тақырыбында эссе жазу байқауы өтті. Байқауға 9-10 сынып оқушылары қатысты. Эссе жазу барысында оқушылар өздерінің оқыған Бауыржан Момышұлының “Ұшқан ұя” кітабынан Б. Момышұлының халықтың батыры, тұлға болып қалыптасқанға дейінгі тұлғалық қасиеттеріне тоқталып, кейіпкерді жан-жақты аша білді.

25 қазан Республка күні қарсаңында оқушыларды еңбексүйгіштікке баулау. Табиғатты сүйуге тәрбиелеу мақсатында «Күзгі балл» байқауы ұйымдастырылды. Онда оқушылар жұп болып сайысқа түсті.

Балалар және театр жобасы бойынша барлық іс –шаралар жоспарға сәйкес өткізілді.

«Досбол LIKE-достық қолын ұсын» акциясы аясында 5-8-сынып оқушылар арасында «Достық – балалар көзімен» суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты: оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын нығайту. Адамгершілікке, қарапайым болуға тәрбиелеу. Достық сезімі оларды бірін-бірі қажетсінуінен, құрмет тұтуынан, шынайы тілектестік пен өзіндей көріп сенуінен, біріне бірі тірек, медет болуынан, қиын күндері қасынан табылудан көрінетінін ұғындыру.

12 сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш әлеміне саяхат» атты сыныпаралық қолөнер (макет) байқауы өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, Ю.Гагарин және қазақ ғарышкерлері өмірінен мағлұмат бере отырып, ойын дамыту. Ғарышкерлердің еңбегін, батылдық ісін мәңгі есте сақтап, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Байқау қорытындысы бойынша 10-сынып І орынды, 11-сынып ІІ орынды иеленді. Қалған сыныптар «алғыс хатпен» мараптталды.

«Ұшқыр ой алаңы»

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы бойынша «БП онлайн досты дұрыс деп санайды» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылар арасындағы достық-қарым-қатынасты нығайту, бір-бірін сыйлауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, оқушылардың заң және құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында «Заңды білу – заман талабы» тақырыбында дебат өткізілді. Оқушылар дебатта қазіргі кездегі заң талаптары туралы пікір алысып, ой бөлісті.

Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларға ұлттық мерекенің маңыздылығын түсіндіру, елжандылыққа, ұлттық мұраларымызды қастерлеуге тәрбиелеу.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 16.02.2024 жылғы №01-14/485 санды хатына сәйкес «1 наурыз – Алғыс ату» күніне орай «тарих ғибраты» атты қнкүндік аясында «тарихқа тағзым» тақырыбында оқушыларға бейнекөрсетілім ұсынылды.

Көкбұлақ орта мектебінде «Заңды білу – заман талабы» тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

Мақсаты: адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, оқушылардың заң және құқықтық білімдерін толықтыру.

«ДосболLIKE- достық қолын ұсын» акциясы өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «БП онлайн досты дұрыс деп санайды» тақырыбында дебат өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың еркін сөйлеуі, жеке көзқарасы бар, өз ойын жетік айта алатын, жақсы қасиеттерге дағдыланған тұлға болып қалыптасуына ықпал жасау.

Пікірсайыс кезінде қарсыласының пікірімен санасуға, сыйлауға адамгершілік, әділеттік этикасын сатауға, принципшілдік қасиеттерге тәрбиелеу.

Дебат барысында «Ұшқын» және «Сарапшылар» топтары өздерінің достық туралы пікірлерін, адал достық жайында түсініктерін ортаға салды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында қыркүйек айының 15 күні «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!», «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты 1-4 сынып және 5-9сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін сақтауға, оқушыларға сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түріт бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Байғанин аудандық ПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Ұ.Н.Ізтұрғановпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, сабақтан себепсіз қалмау, т.б. келеңсіз оқиғалардың алдын алу туралы кеңестер берілді. Және осы оқушылардың арасында тәртіпбұзушылықты болдырмау, көшеде беймезгіл уақыттарда жүрмеуді қадағалау мақсатында ата-аналар мен ұстаздардан кезекшілік топ ұйымдастырылып, кезекшілікке шығып тұрады. Және «Заңды білу – заман талабы» атты апталық аясында «Менің құқықтарым – менің міндеттерім» тақырыбында ақпараттық тәрбие сағаты, «Заңды білу – заман талабы» атты дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты мұғалімдер мен оқушылардан сауалнама алынды. ПБ қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

Аудандық білім бөлімінің хатына сәйкес «Тарих ғибраты» онкүндігі аясында «Туған жерім – Көкбұлағым» атты бейнеролик түсірілді және мектеп тарихына арнайы шолу жасалды.

Мақсаты: оқушыларды елжандылыққа, отанын сүйуге, ізденімпаздыққа, белсенділікке дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту және есте сақтау қабілетін арттыру, ізгілікке, имандылыққа, әр түрлі жағдайда сыни тұрғыдан ойлай білуге баулу.

«Аналар, тәңір берген теңдесі жоқ даралар», тақырыбында және «Ұлағатты ұстаз» тақырыптарында бейнеролик ұсынылды. Күйші, термеші ағамыз Егізбаев Төлеген ағамен кездесу ұйымдастырылды.

Ауғанстаннан кеңес әскерлерінің шығаруына 35 жолы толуына арналған іс-шаралар жоспары бойынша мектепшілік үстел теннисі өткізілді.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры»,», «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы», «Тәуелсіздік тірегі – білімді ұрпақтары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Тәуелсіздік елімнің тірегі» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылды.

Көкбұлақ орта мектебінде 15 ақпан күні құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған «Заңды білу-заман талабы» құқық апталығы аясында 10-11-сынып оқушыларына «Жасөспірім және заң» тақырыбында

дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдығы пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге тәрбиелеу.

Осы апталық аясында 5-6-сынып оқушыларына «Менің құқықтарым – менің міндеттерім» тақырыбында ақпараттық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру, адам құқықтарын оқыта отырып, құқықтық түсініктерін қалыптастыру.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы

«Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық акция аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты, «Бала сату қоғам мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сурет көрмесі, тренингтер ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды қатыгездік пен немқұрайлылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру. Ақпараттық науқан жоспары жасалып, оқушылар мен мектеп ұжымы таныстырылды.

Оқушылар арасында бопсалаушылық және қылмыстық құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында «Бұзақылық. Ұрлық. Бопсалау» тақырыбында коучинг сабақ өтті. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында бопсалаушылық, күш көрсету деректерін анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар арасында бопсалаушылық деректері анықталған жоқ. Оқушылар ұйымының жиналысы өтіп, онда оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрады. Оқушылар арасында есірткі пайдаланудың алдын алу бойынша бейнеролик көрсетіліп, синтетикалық есірткінің зиянды жақтары туралы лекция оқылды. Және осы оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Байғанин аудандық ПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Ұ.Н.Ізтұрғановпен кездесу өткізілді. Онда оқушыларға беймезгіл уақыттарда көшеде жүрмеу, сабақтан себепсіз қалмау т.б. келеңсіз оқиғалардың алдын алдын алу туралы ескертулер айтылды.

Соңғы уақыттағы қоғамдағы азаматтардың алаярға алданып, қомақты қаражатынан айырылып қалып жатқан жағдайлары жиі кездеседі. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай 5-6-сынып оқушылар арасында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Нашақорлықтың алдын алу салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында да жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

12 қыркүйек күні оқушыларға нашақорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Онда оқушыларға есірткінің адам өміріне зиян екендігі, салдарынан жүйке жүйесі, жүрек және бауыр қатты зардап шегетіндігі туралы айтылды.

Нашақорлықтың алдын алу салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында да жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

12 қыркүйек күні оқушыларға нашақорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Онда оқушыларға есірткінің адам өміріне зиян екендігі, салдарынан жүйке жүйесі, жүрек және бауыр қатты зардап шегетіндігі туралы айтылды.

Жалпы аталған шаралардың мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылық және қылмыс белгілерімен, жасөспірімдердің құқықтық міндеттерімен таныстыру. Оқушылар балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім орната отырып, бүгін мен болашаққа деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Көкбұлақ орта мектебінде аудандық ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері Күмісбек Д.Р мен Спартакқызы Е «Ұлттық құндылық – тәрбие өзегі» тақырыбында оқушылармен кездесу өткізді. Кездесу барысында мамандар дін мен салт-дәстүр туралы және жат ағымдардан сақтану жолдары туралы ақпараттармен бөлісті.

«Алғыс айту – парызың» шығарма байқауы

Алғыс айту күні-халқымыздың егемендігі мен елдігін, сыйластығы мен теңдігін көрсететініміздің барлық азаматтарының бір-біріне деген құрмет білдіретін күні.

Бұл күні біз барша жақындарымызға, ұстаздарымыз бен достарымызға, алыс-жақын жанашырларымызға алғыс айтып құрметке бөленеміз. Осы мерекеге орай «Алғыс айту – парызың» шығарма байқауы мектебімізде ұйымдастырылды.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР»

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАР КОНЦЕПЦИЯСЫ бойынша іс-шаралар:

28 қыркүйекте «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың айтыс өнеріне деген көзқарастарын қалыптастыру. Пікірталас барысында білім алушылардың айтыс өнеріне пікірлері айтылып, сөз қадірін білген қазақ халқының құндылықтары жайлы талқыланды.

4 қазанда 5-8-сынып оқушылары аралығында «Ер есімі ел есінде» тақырыбында ақын Оразалы Досбосынұлын еске алуға арналған танымдық сағаты өткізілді.

Мақсаты: аққынды еске алып, оның өнегелі өмір жолы мен шығармашылық жолын оқушыларға кеңірек таныстыру. Өткізген. Муханбедиярова Ж.

13 қазанда «Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Ұлы даланың рухани байлығымен таныстыру және сол мұрамызды қастерлеуге тәрбиелеу. Ұйымдастырушы: орыс тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі Н.Муханбетқазина.

Ұлттық аспабымыз домбыра аспабын ұлықтау мақсатында ауылымыздың домбырашысы Егізбаев Төлеген ағамен бастауыш сынып оқушылары «Домбырам меніменен егізбе едің?» тақырыбында кездесу сағаты болды.

«Тоғыз айға тоғыз іс шара» жобасы

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» тұжырымдамасына сәйкес ф.м.ғ.д.профессор ҚР ҰҒА академигі ғалым-математик Жұмаділдаев Асқар Серікұлының авторлық есептерін шығаруға арналған «қазақ есебі» республикалық челленджіне оқушылар қатыстырылды. Мақсаты: білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылықтарын ояту, зияткерлік қабілеттерін дамыту.

Білім бөлімінен келген хаттарға сәйкес шаралар

«Әрқайсымызы біргеміз» атты достық көмек қолын ұсыну шарасы («Еңбегі адал жас өрен»), «Достық асыл қасиет» тақырыбында эссе жазу, «Көтеріңкі көңіл күй» атты шын жүректен тілек айту, ақ тілектер тарату іс-шарасы», «Спорттағы достық» атты спорттық ойындар, «Достық жолмен» атты бастуыш сынып оқушылар арасында сайыс және «Достық жолмен» атты көрме, Достық балалар көзімен» сурет атты көрмесі «Шеберлер сағаты» атты шеберлік сағаты,

«Бастауыш көшбасшысы» атты бастауыш оқушылары арасында сайыс ұйымдастырылды. Және осы акция соңында мектеп ұстаздары арасында волейбол жарысы және «Менің татау ұжымымы және мен ондамын» атты тренинг сағаты өткізілді.

«Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының» атқарған жұмыстары

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізілді.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтыды. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, мектебімізде 31 тамыз күні (№68/2 бұйрық) «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әректесуі бағытындағы іс-шаралар жоспары құрылды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ашылуы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының кабинеті ашылды. Мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Аталған шараға ардагер ұстаздар мен мектеп оқушыларының ата-әжелері, әке-аналары, қамқоршылық кеңес мүшелері, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Келген қонақтар «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарымен танысып, мектеп жанынан құрылған «Даналық мектебінің»: «Аталар өсиеті», «Әжелер даналығы»,

“Ағалар қамқорлығы”, “ Жеңгелер кеңесі” клубтарының маңызын білді. 10-11-сынып оқушыларының ата-аналарымен тәуелділіктің алдын алу шаралары бойынша «Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары» тақырыбында сабақ өткізілді. Даналық мектебі жеңгелер кеңесі «Сырласайық жеңешем» атты сайыс өткізілді. «Даналық» мекебінің жоспарына сәйкес «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында жеңгелермен кеңес сағаты өткізілді. Мақсаты дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланы тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 5-8-сынып ата-аналары арасында «Балам үйде – қылығы түзде» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген сенімді нығайту. Ата-ана отбасының алтын дінгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай сыныптарда «ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Амал келді жыл келді» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбында қазақы нақыштағы киімдер көрсетілімі ұйымдастырылды. «Наурыз дастарханы» акциясы аясында қайырымдылық күні өткізілді.

Бұл шаралардың мақсаты: ұлттық мерекенің маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу, оқушыларды ауызбіршілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

“Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Ақыл айтпа, жол көрсет” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: Ата-ананың құндылықтарға деген көзқарасын байқау. Ата-аналарды баларға жауапкершілікпен қарауға шақыру. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

“Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі” жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығы “Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

“Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары” тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Мақсаты: ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез-құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.

5-6-сыныптар арасында «Балам үйде, қылығы түзде» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: ат-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген менімді нығайту. Ата-ана отбасының алтын дінгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ағалар қамқорлығы» мектебінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы» тақырыбында өнеге сағатын ұйымдастырды. Онда Тәуелсіз Қазақстанның баға жетпес байлықтары мен құндылықтары түсіндірілді.

«Жеңгелер кеңесі» мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі тақырыбында қыз балалар отырысы өткізілді.

Мақсаты: қыз балалар арасында рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, имандылық қасиеттерін дамыту, қыз балалардың намысы, жүріс-тұрысы, бейәдеп әдеттерден аулақ болу туралы кеңес беру.

Көкбұлақ орта мектебінде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Жеңгелер кеңесі» мектебінің жетекшісі Есхожина Гүлімжанның ұйымдастыруымен «сырласайық жеңешем» тақырыбында сайыс өткізілді.

Мақсаты: Отбасылық тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау, отбасы тарихына және дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.

«ДосболLIKE – достық қолын ұсын» акциясы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «жеңгелер кеңесінің» ұйымдастыруымен 4-7-сынып қыз балалары арасында «Шеберлер қаласы» шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, шеберліктерін дамыту. Өнерді тануға, өнерге қызығушылыққа баулу.

7-БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ.

7.1. Үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі.

2023-2024 оқу жылының жылдық білім сапасы қорытындысы.

Оқушылар саны төмендегідей:

1-4 сыныптар бойынша оқу жылының басында 21 оқушы, соның ішінде қызы 9 бала болды. Оқу жылының соңында 21 оқушы, соның ішінде 8 қыз бала.

5-9 сыныптар бойынша оқу жылының басында 15 оқушы, соның ішінде қызы 9 бала болды. Оқу жылының соңында 14 оқушы, соның ішінде 9 қыз бала.

10-11 сыныптар бойынша оқу жылының басында 10 оқушы, соның ішінде қызы 4 бала болды. Оқу жылының соңында 9 оқушы, соның ішінде қызы 3 бала болды.

1-11 сыныптар бойынша оқу жылы басында 46 оқушы, соның ішінде қызы 22 бала болды. Оқу жылының соңында 44 оқушы, соның ішінде қызы 19 бала болды.

Сынып	Оқушы саны	2023-2024 оқу жылы
1 сынып	1	
2 сынып	8	
3 сынып	6	
4 сынып	6	
5 сынып	6	
6 сынып	2	
7 сынып	2	
8 сынып	1	
9 сынып	3	
10 сынып	6	
11 сынып	3	

2023-2024 оқу жылында Көкбұлақ орта мектебінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің беретін оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің бұйрығына сәйкес 9 және 11 сыныптардың оқушылары мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өтеді.

Өзін –өзі бағалаудан келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Оқу бағдарламасы толығымен орындалды.
2. Вариативтік компоненттің элективті курстары мен элективті пәндері типтік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Кез келген педагогикалық ұжымның алдыңғы қатарлы маңызды міндеттерінің бірі білім сапасын көтеру. Оқушылардың білім стандартын жетік меңгеруі білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың

оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады. Сыныптар бойынша оқытылу деңгейі нәтижесі, әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндердің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру үшін қолданылады:

- Мектептің статистикалық есептері мәліметтері
- Әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылау жүйесі арқылы ақпараттар
- ОЖСБ нәтижелері, емтихандар мен қорытынды тестілеу

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі

-ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі

- білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

5. БӨЛІМ. ҰСЫНЫСТАР

1. Қолдану, талдау, жинақтау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды сабақ барысында жүйелі қолдану.
2. Әр тоқсанда атқарылған жұмыстардың мониторингісін шығарып, кемшілікті жоюдың әдістерін тәжірибеге енгізу
3. Оқушыларға білім беруде білім сапасына оқытудың тиімді жолдарын жүйелі қолдануды ұйымдастыру.

Мектепшілік бақылау бойынша

1. Өткен тақырыптарды жаңа сабақпен ұштастыруды жоспарға енгізу
2. Қате жіберілген тақырыптар бойынша қосымша қайталау жұмысын жүргізу
3. Бақылау жұмысын орындау дағдысын жетілдіру

Әдістемелік жұмыс бойынша:

1. Іс – әрекетті зерттеуді жүргізудің жоспарын құру
2. Біліктілік арттыру курсына қатысқан педагогтерді ӘБ отырысында семинар өткізуді жоспарға енгізу.
3. Тренерлік жұмысты күшейту

Тәрбие беру жұмысы бойынша:

1. Белгілі тұлғалармен кездесу ұйымдастыру

Әлеуметтік жұмыс бойынша :


1. 1-11 сыныптар бойынша отбасылардың толықтай әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тұрмысы төмен отбасыларға көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсыру

Психологиялық жұмыс бойынша:

1. Қиын баламен тиімді, жүйелі жұмыс атқаруға байланысты тәжірибе алмасу
2. Ата ананы мектеп өміріне тарту

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



А.С.Бекбаев

Е.С.Есенгулова

Б.Е.Нұржау

Н.С. Муханбетказина

А.Ізбасарқызы

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы;

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі; жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің, вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылуы;

3. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.

4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

5. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

6. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру.

7. Жалпы білім беру ұйымы бойыншаматериалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, мектеп асханасының, медициналық қызметтің болуы.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

«Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1991 жылы салынған.

Жалпы орта білім беретін мектеп 1 қабатты

Жобалық сыйымдылығы - 120

Мекеме ғимаратының түрі: бейімделген

Жалпы көлемі: 750,4 ш.м.

Меншік түрі: коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мекен жайы: Көкбұлақ ауылы, Сартөбе, 27 үй

Телефон: +7 (713 45) 47479;

E-mail: kom_1934@mail.kz

Оқу тілі: қазақ тілі

Мектеп директоры Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі басшысының 2023 жылдың маусымдағы № бұйрығымен Көкбұлақ орта мектебі директордың міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды.

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензия номері KZ35LAA00021028. Лицензияның берілген күні 29.01.2021жыл. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету

департаменті» ММ

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-баб 3 тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы тамызда № бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 5 адамнан тұрады.

Мектептің негізгі мақсаты: ақпараттық технологияларды қолдана отырып, нәтижелі білімге қол жеткізу.

Көкбұлақ орта мектебінде 25 педагог, 11 техникалық қызметкер жұмыс жасайды. 1 директор, 1 оқу ісі орынбасары, 1 тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1 әлеуметтік педагог, 1 психолог, 1 кітапханашы, 1 іс жүргізуші бар. Жоғары білімді педагогтар саны – 20, арнаулы орта – 5. Пайыздық үлесі: 80% .

Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші – 2, педагог – сарапшы – 10, педагог – модератор – 4, бірінші санатты -0, екінші санат-0, санатсыздар -9; Пайыздық үлесі: 64%

«Көкбұлақ орта мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-жұмыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығының 1 қосымшасы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламалары бойынша жасалған және мектеп директорының, аудандық білім

бөлімінің келісімімен бекітілген.

Жұмыс жоспарына сай 2023-2024 оқу жылына мектеп кәсіподақ, ата-аналар комитетінің келісімен мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық техникалық базасы мен кадр ресурстары ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚРДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 30 минут үзіліс көзделген. Бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 13.55-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.15-ден 19.55-те бітеді.

2023 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

2023- 2024 оқу жылында «Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізілді.

2023- 2024 оқу жылында «Көкбұлақ орта мектебі » КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында **46** оқушы болса, шағын орталықта -13 тәрбиеленуші, мектепалды даярлық класында -3 тәрбиеленуші;

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
Шағын орталық	13
МАД №1 топ	3
1 сынып (литер: а)	1
2сынып (литер: а)	8
3сынып (литер: а,ә)	6
4 сынып (литер: а)	6
5 сынып (литер: а)	6
6 сынып (литер: а,ә)	2
7 сынып (литер: а)	2
8 сынып (литер: а)	1
9 сынып (литер: а)	3
10 сынып (литер: а)	6
11 сынып (литер: а)	3
Барлығы	44

2. Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы.

3. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу.

1-4-кластарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда «Дүниетану» оқу

пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-кластарда 6 сағаттан, 4-класта 10 сағаттан бастауыш класс мұғалімдері іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

4. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-кластарда әрбір сыныпта 6 сағаттан класс сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта класс жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

5-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақ тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді.

5. Жалпы білім беру ұйымы бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының болуы, кітапхана қоры, тамақтану объектісінің болуы, медициналық қызметтің болуы.

Оқу жылы қорытындысы бойынша бастауыш білім беру оқу сапасы – 65%, негізгі білім беру оқу сапасы 81%, жалпы орта білім беру оқу сапасы – 55%, жалпы оқу сапасы – 69,7 %